

**Алшынбаева Молдир Айдосовнаның**  
**8D02301 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша Философия**  
**докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған**  
**«Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі**  
**материалдар негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының**  
**АННОТАЦИЯСЫ**

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс ағылшын және қазақ тіліндегі киелі ұғымдардың тілдік репрезентациясына арналады. Бірінші бөлімде киелі ұғым жайлы философиялық, діни, лингвомәдени зерттеулердің негізінде «киелі» ұғымының мәні ашылып, тілдік кеңістіктегі сипаты беріледі. Екінші бөлімде киелі сандардың (бір, екі, үш, төрт, жеті, он екі) екі тілдегі мәні метафизикалық сипатта түсіндіріледі. Үшінші бөлімде жылқы, бөрі және итке қатысты тілдік бірліктер салыстырылады, олардың киелілік табиғаты археологиялық, мифтік, этнографиялық деректер арқылы ашылады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** «Киелі» ұғым туралы түсінік әр ғылымда түрліше сипатталады. Зерттеудің мақсатына, нысанына, көтеретін проблемасына байланысты киелі ұғымдар дінтану, әлеуметтану, философия ғылымдарында біршама зерттелген. Р.Отто, М.Элиаде сынды ғалымдар феноменология, Э.Дюркгейм әлеуметтану, Р.Генон, Г.Вирт «дәстүршілдік» тұрғысынан зерделеді. Тіл білімінде сакральды лексиканың тақырыптық тобы, оларды зерттеудің әдістері, қолданылуы секілді мәселелер қарастырылды. Екі тілдегі киелі ұғымды зерттеуге бағытталған жұмыстар да баршылық, алайда олардың саны көп емес. *Киелі* ұғымын салыстыра зерттеген жұмыстарда бір-біріне типологиялық жағынан (мыс., орыс-болгар, ағылшын-орыс), дін жағынан (христиан) жағынан жақын тілдер ғана салыстырылған. Ал бір-біріне туыс емес тілдердің фактілері тұрғысынан киелі ұғымын салыстырған жұмыстар жоқтың қасы деуге болады. Бұл жұмыстың өзгешелігі де сонда – бір-біріне типологиялық жағынан да, дін жағынан да жақын емес тілдердің, яғни ағылшын тілі мен қазақ тілі деректерінің салғастырылуы болып табылады. Осыған дейінгі салыстырмалы зерттеулерде (мыс., Г.Казаков) киелі ұғым діни лексика құрамында сипатталды және олардың классификациясы жасалып, тақырыптық топтары белгіленді.

Алайда киелі ұғымды тек діннің шеңберінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Біздің ойымызша, киелі ұғымның қалыптасуы, белгілі бір заттың, нысанның қастерленуі табиғатпен, қоршаған ортамен байланысты болатын секілді. Мәселен, киелі сандар санатына жататын *он екі* санының христиан дінін ұстанатын ағылшындарда қастерленуі 12 апостолмен (және басқа да діни түсініктермен) байланыстырылып түсіндіріледі. Дегенмен, біздіңше, оның әу бастағы уәжі табиғи айналымға (Күннің жолына) қатысты болып табылады. Себебі зерттеуші Ғ.Ғабитханұлы бірқатар мәдениетте, дәстүрде (мыс., Египет, парсы) 12 саны күнтізбемен, соның ішінде Күннің 12 зодиакпен

байланысы арқылы сипатталады деп есептейді. Біз киелі ұғымды табиғаттың, қоршаған ортаның бөлшегі ретінде қарастыратын боламыз. Сонда табиғат ана ортақ, универсал білімдерді қалыптастырушы болып шығады. Оның мазмұны дінге, дәстүрге, ұлттық танымға байланысты қалыптасады. Сол себепті де киеліліктің екі тілге ортақ универсалды сипатын анықтауда, тілдегі көрінісін сипаттауда өзгеше көзқарас керек.

Осыған байланысты екі тілге ортақ ұғымдардың киелі мәнін ашу, тілдік репрезентациясын жасау үшін біз дәстүрлі салыстырмалы-салғастырмалы, сипаттамалы әдістермен қоса, философиядағы метафизикалық сипаттауды қолданамыз. Көптеген салыстырмалы зерттеулерде екі тілдің дерегін салыстырумен, бір тілден екінші тілдің өзгешелігі немесе ұқсастығын көрсетумен ғана шектелсе, біз тілдік бірліктердің мәнін қазіргі адамтану бағытына сәйкес мифология, дінтану, этнография, тарих, археология және тағы басқа да көптеген ғылымдардың деректерін пайдалана отыра салғастырып, қазақ және ағылшын тілдерінің материалдары негізінде киелі ұғымдар (сандар, жануарлар: жылқы, бөрі мен ит) табиғатын жаңа қырынан ашатын боламыз. Бұл айтылғандардың барлығы жұмысымыздың өзекті екенін танытады.

**Жұмыстың мақсаты.** Зерттеу жұмысының басты мақсаты – киелі ұғымдардың тілдік репрезентациясын анықтау, олардың киелілік табиғатын ашып, мәнін түсіндіру. Осы мақсаттарға жету үшін мынадай **міндеттерді** қойылды:

- ғалымдардың киелілікке қатысты ой-тұжырымдарын жүйелеу, саралау;
- діни, мифологиялық, этнографиялық деректер арқылы туыс емес екі тілдегі киелі сандардың табиғатын ашу, универсалды түсініктердің пайда болуын түсіндіру;
- пәнаралық байланыс арқылы жылқы малына қатысты түсініктердің киелілік табиғатын айқындау; киелі ұғымдарды сипаттайтын ағылшын және қазақ тілдеріндегі атауларды, тұрақты тіркестерді анықтау;
- екі тілдегі ит компонентті тұрақты тіркестердің киелілік табиғатын археологиялық, этнографиялық деректермен ашып көрсетіп сипаттау;
- екі тілдегі бөрі/қасқыр бейнесімен байланысты сөздерді салғастыра отыра, киелілікпен байланысты ұғымдарды саралау.

**Зерттеу жұмысының нысаны** – қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдар.

**Зерттеу пәні** – қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдардың салғастырмалы сипаттамасы.

**Зерттеу әдіс-тәсілдері.** Басты әдіс ретінде ғылыми сипаттау әдістері, оның ішінде лингвистикалық бақылау, жүйелік талдау және синтездеу, жіктеу және жүйелеу, интерпретация жасау, салыстыру және салғастыру әдістері, құрылымдық-семантикалық әдіс және сөздік дефиницияларды талдау әдісі қолданылды. Лексикалық бірліктердің семантикасын компоненттік және контекстік талдау әдістері қолданылды.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері.** «Oxford Dictionaries. Language Matters» (<https://languages.oup.com/>), «Online Etymology Dictionary» (<https://www.etymonline.com/>), «Қазақша-орысша» (<https://sozdik.kz/>), SOZDIKQOR (<https://sozdikqor.kz/>) онлайн сөздіктері, Таурат/Библия (<https://only.bible/bible/rst66/mat/>), Құран Кәрім (<https://kuran.kz/>) кітаптары, «Мифы народов мира» энциклопедиясы, «Уикипедия» мақалалары, суреттері, М.Қашқаридың «Дивани лұғат ат түрік» сөздігі (3 кітап), “Древнетюркский словарь” (1969), «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (2007), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2008), «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011), ертегілер, т.б. дереккөз ретінде пайдаланылды.

**Зерттеу жұмысының жаңалығы.** Зерттеу жұмысындағы негізгі жаңалықтар төмендегідей:

- туыс емес екі тілдегі (қазақ және ағылшын тілдеріндегі) киелі ұғымдарға қатысты зерттеулер алғаш рет жүйеленіп, сарапталды;
- екі тілдегі киелі сандар метафизикалық сипатта алғаш рет салғастырылып талданды;
- жылқы малына, итке, бөріге (қасқырға) қатысты киелі ұғымның мәнін ашуда жинақталған тілдік бірліктер мен тұрақты тіректестердің тілдік тұрғыдан талданылуы қазақ, ағылшын тілдеріндегі қолданыс ұқсастықтары мен ұлттық ерекшеліктерінің талдануы зерттеу тақырыбының жаңалығы болып табылады;
- салғастырмалы зерттеудің нәтижесінде Британ аралдарына барған «қасқыр» рулы елдің көшпелі халықтармен байланысы бар екені туралы болжам жасалды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық және әдіснамалық негізі.** Зерттеу жұмысында киелілік түсінігін дін, философия, психология, метафизика тұрғысынан қарастырған Р.Отто, М.Элиаде, Р.Генон, З.Фрейд, К.Юнг, Э.Фромм, тілдік жағынан зерттеген Ә.Қайдар, Қ.Ғабитханұлы, С.Қондыбай, А.Петрикова, А.Четыркина, Г.А.Казаков, А.А.Сазонова т.б. сынды отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Сонымен қатар, археологтар Ә.Марғұлан, С.Акинжанов, К.Байпаков, А.Абетекөв, ежелгі адамзат баласының ақыл-ойын, мәдениетін зерттеуші А.М.Золотарев, В.Иванов, Э.Мелетинский, күнтізбемен айналысқан ғалымдар С.И.Селешников, У.Т. Олкотт, Х.Аргуэльс, Ә.Ахметов еңбектері зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық, әдіснамалық негізі болды.

**Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары.** Зерттеу жұмысының жаңалықтарына байланысты қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

– Киелі ұғым тек дінге ғана тәуелді емес, ол – табиғатты, қоршаған ортаны қастерлеумен байланысты туындайтын түсініктердің жиынтығы. Сол себепті киелі ұғымды талдауда метафизикалық интерпретацияны пайдаланған абзал. Бұл киелі ұғымның табиғатын тереңінен түсінуге мұрындық бола алады.

– Ағылшын және қазақ тіліндегі киелі сандардың түпкілікті мәні – киелі кіндік, «әлем бейнесі» түсініктерімен тікелей байланысты. Метафизикалық

түсінікте, барлық сан *кіндіктен (бірден)* басталады. Кіндік пен шеңбердің байланысы екілік түсініктерді, инициациялық үш саты түсінігі үшке қатысты ұғымдарды, дүниенің төртбұрышы ұғымы төрттік түсініктерді, кіндікке жетудің біліммен байланысты сатылары жетілік ұғымдарды және кіндік пен 12-нің қатынасы он екіге қатысты циклдік түсініктерді қалыптастырған.

– Жылқы малын қазақтар және ағылшындар ерекше құрмет тұтады, екі халық та жылқыны киелі жануар деп есептейді. Алайда киелі ұғымның тілдік деректері қазақ тілінің тұрақты тіркестерінде көрініс тапқан. Ағылшындар жылқыны «декоративті»<sup>1</sup> жануар ретінде көреді әрі эстетика үшін мінсе (пайдаланса), қазақтар бұлармен қоса, жылқыға қатысты көптеген дәстүрді, тілдік бірліктерді сақтаған. Зерттеу жұмысындағы тілдік, этнографиялық деректер жылқыны алғаш қолға үйретуші үнді-еуропалықтар деген болжамға күмәнмен қарауға болатынын байқатады. Мәселен, үнді-еуропалық тілдің біріне жататын ағылшын тілінде жылқыға қатысты киелі мағыналар кездеспейді әрі топонимикалық атаулар, ұлттық танымды көрсететін өлшем бірліктері (*бие сауым, ат шаптырым*, т.б.), жылқының жынысына, жасына байланысты атаулар жоқтың қасы. Сондықтан да болашақта бірнеше тілдің дерегіне сүйеніп, жылқыға қатысты ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

– Ит ежелгі заманнан бері киелі жануар санатына жатады. Оны зерттеуде көрсетілген мифтік деректер, археологиялық зерттеулер айғақтай алады. Көнетанымдық ит культінің негізгі киелілік мәндері – ағылшын тіліндегі *a dirty dog, it is a dog's life*, қазақ тіліндегі *ит жанды, ит – жеті қазынаның бірі* т.б. тұрақты тіркестерде кодталған.

– Қасқырға қатысты екі тілде де ұқсас тұрақты тіркестер кездеседі. Қазақтарда да, ағылшындарда да қасқыр руынан шыққандығы, бөріден тарағаны туралы түсініктер бар. Екі халық үшін де қасқыр киелі жануарлардың бірі ретінде танылады. Англо-саксондық әулеттердің шежіресінде «Вуффа» (Wuffa) деп аталатын әулеттің негізін қалаушының есімі және оның «вуффингтер» (Wuffings), яғни *қасқыр адамдар* деп аталатын тайпасының аты жазылған. Ал қазақтардың бөріден тарайтыны туралы көптеген аңыздар, жырлар сақталған. Кейбір герман тілдерінде *luchthopp (қасқыр терісі), úlfhedinn (пальто, қасқыр терісі)* деген секілді сөздерде түркінің *тон* деген сөзі арқылы жасалған. Осындай деректерге қарап, англосаксон кезеңіндегі бөрі культі көшпелі түркі халықтарынан тамыр тартуы мүмкін деген болжам жасауға болады.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдар туралы ой-тұжырымдар, алынған нәтижелер, киелі ұғымдарға қатысты тұрақты тіркестер, фразеологиялық бірліктер және мақал-мәтелдерді шетел тілдері және филология факультеттерінде оқылатын лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, мәдениетаралық коммуникация және аударма теориясы сияқты элективті курстарда қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ

---

<sup>1</sup> Мерекелік іс-шараның көркін келтіру үшін деп түсінген дұрыс.

лексикология, тіл тарихы, салыстырмалы және салғастырмалы лексикологияға қатысты мәселелерді шешуде қолдануға болады.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.** Зерттеу жұмысындағы тілдік деректерді жоғары оқу орындарында салғастырмалы лексикология, тіл тарихы, тіл ғылымының жаңа бағыттары бойынша лекция, семинар сабақтарында, тілдік емес аудиторияда қазақ және ағылшын тілдерін оқыту тәжірибесінде лингводидактикалық, танымдық сипаттағы иллюстрациялық материал ретінде, сонымен қатар шетел тілдері, филология факультеттерінің студенттері, магистранттары, докторанттарына арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде, екі тілді және көптілді сөздіктерді құрастыру кезінде пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жұмыста 9 кесте мен 23 сурет берілген. Әдебиеттер тізіміне 172 атау кіреді.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы.** Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 11 мақала жарық көрді. Оның ішінде Scopus және WoS халықаралық мәліметтер базасындағы журналда – 1(Percentile 45), ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен журналдарда – 4, халықаралық және республикалық конференция жинақтарында 4 мақала (шетелдік –3, отандық –1), басқа басылымдарда 2 мақала жарияланды.